

Бекітемін
ИП «Байғонусова З.Я.»
«АІ-Аділ» бәбекжай-балабақшасы
Байғонусова З.Я.
Менгеруші: 
«26» 2025 ж.



Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "Балабақша және отбасы ынтымақтастығы "
Кіші «Ақбота» тобы

Тәрбиеші: Жумагелдиева М.А.

2025-2026 оқу жылы

«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы
Кіші "Ақбота" тобында өткізген ата-аналар жиналысының
хаттамасы.

Хаттама №1

Күні: 26.08.2025ж

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 2

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. «Ақбота» тобының ата – аналарымен танысу, балабақшамен келісім шартқа отыру.
2. Баяндама: «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы »
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнын таныстыру.
3. Ата-ана комитетін сайлау

Тыңдалды

1. Тәрбиеші ата-аналарды «Танысайық бәріміз» тренинг арқылы бір-бірімен және топ тәрбиешілерімен таныстырды.
2. «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама оқылды және қазіргі жағдайға байланысты балалардың жылы киінуі және балабақшаға маскамен келуді тапсырды.
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстыру
 - балабақша меңгерушісі (немесе әдіскері) ____бағдарламаның негізгі мақсаттары мен бағыттарын таныстырды.
 - Бағдарламаның баланың тұлға ретінде жан-жақты дамуына қалай ықпал ететіні туралы айтылды.
 - Тәрбие жұмысының 5 негізгі бағыты атап өтілді:
 - . Құндылықтарға негізделген тәрбие.
 - . Әлеуметтік және мәдени дамуды қолдау.
 - . Патриоттық тәрбие беру.
 - . Отбасылық тәрбиені қолдау.
 - . Экологиялық және еңбек тәрбиесі.
4. Тәрбиеші ата-аналармен пікірлесе отырып ата - аналар комитетін сайлап алуды ұсынды. Ата-аналар бір ауыздан Муханова Айдананы сайлады.

Ата – ана комитетінің мүшелеріне
Мақсұтова Назерке сайлады.

Сахиева Айгерім мен

Шығып сөйлегендер:

Ата – ана Турысбекова Айнур баяндама туралы өз ойын білдірді, ата – ана комитетінің төрайымы Муханова Айдананы болғанына қарсы еместігін айтты.

Ата – ана Айдана ата – ана комитетін сайлау туралы және баяндамадан жақсы мағұлматтар бергендігін айтты. Ата – ана Асель «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы » тақырыбындағы баяндамаға қанағаттанарлық деп өз бағасын берді. Балабақшадан балаларды себепсіз қалдырмайтынын айтты.

Қаулы

1. Ата- аналармен үздіксіз байланыс орнап, қарым-қатынас бекінсін. Балалардың балабақшадан қалмауы және тазалығы қадағалансын және гигиеналық шаралардың орындалуын мақсат етілсін. Ата – ана мен балабақша арасындағы келісім шарт бекітілсін.
2. «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы » баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асуы тәрбиешілер мен ата-аналарға жүктелсін.
4. Ата - аналар комитеті Муханова Айдананы сайлансын.

Әдіскер: _____ Кулқасева Е.П.

Тәрбиеші: _____ Жумагелдиева М.А.

Бекітемін

ИП «Байғонусова З.Я.»

«Al-Adil» бөбекжай-балабақшасы

Байғонусова З.Я.

Менгеруші:

«16» 09 2026 ж.



Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "Балабақшамен "ата-ананың бірлігі
Ересек «Болашақ» тобы

Тәрбиеші: Валиулина Ж.Ж.

2025-2026 оқу жылы

«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы
Ересек "Болашақ" тобында өткізген ата-аналар жиналысының
хаттамасы.

Хаттама №1

Күні: 16.09.2025

Қатысқан ата-аналар саны: 11

Қатыспаған ата-аналар саны: 1

Қаралатын мәселелер:

1. «Бал мекенім балабақшам» ата - аналарға балабақшаның жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру. Ата – аналар комитетін сайлау. Тәрбиеші: Валлиулинна Ж.Ж.
2. «Балабақшамен ата ананың бірлігі» баяндама. Тәрбиеші : Валлиулинна Ж.Ж
3. Ата - аналармен тренинг. психолог

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші сөз бастады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің «AL-Adil» бөбекжай балабақшамызға қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір - бірімізбен танысу шеңберіне келсеңіздер.

Қолымыздағы ойыншықты бір - бірімізге бере отырып, өзіміз жайлы айтып кетейік.

Барлығымыз бір- бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы.

2025-2026 оқу жылының міндеттемелері

1. «Физикалық қасиеттерді дамыту»

Міндеті: Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында денешынықтыру жаттығуларын саналы түрде түсініп, меңгеруін және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.

2. "Коммунтикативтік" дағды

Міндеті: 1. Балалардың тілін дамыту жұмысын, дидактикалық ойындар мен театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту.

2. Балаларды өз құрбыларымен және үлкендер мен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету жұмысын жалғастыру.

3. Балалардың қызығушылық қабілетін ойындар арқылы дамыту.

Таңертеңгі 08-00-ден бастап кешкі 18-00-ге дейін бала тәрбиешінің қарауында болады. Балабақшадағы бала тәрбиесінің күн тәртібі 12-сағатқа шамаланған.

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру.

Әдіскер: Ата-аналарға әр-бір баланың өз "Портфолиосы" болу қажеттілігін айтты.

"Портфолио"-бұл балалар жұмысы және оның өзінің жеке жетістік портфелі. Тәрбиеші ата-аналармен бірлесіп жеке папкаға балалардың салған суреттерін, шығармашылық жұмыстарын, фотоларын, түрлі қызық пікірлерін және қуанышты хабарламаларын жинастырады. Бұл материалдар бала тұлғасының, өсу динамикасының жағымды өзгерістерінің көрнекі үлгісі болып табылады.

Ата-аналар әдіскермен келісетіндерін және балаларының портфолиосын жасап беретіндерін айтты.

Ендігі мәселе: Ата-аналар арсынан өз өтініштерімен ата-аналар комитетін сайлайық.

Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар ұйымын сайлады, олар:

1. Жұмагелді Арайлым Манасқызы
2. Сахиева Айгерім
3. Турсынбекова Айнур

Екінші мәселе бойынша оқулықтар қажеттілігі жайлы тәрбиеші:

Валлиулинна Ж.Ж. *«Балабақшамен ата - ананың бірлігі»* тақырыбында баяндама оқыды. Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі. Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Бала тәрбиесі ана сүтінен бастап, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс.

Үшінші мәселе бойынша балабақшамыздың психологы ата -аналармен бірге тренинг өткізді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Ата - аналар балалар портфолиосын дайындап беру.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Әдіскер: _____ Кулқаева Е.П.

Тәрбиеші: _____ Валлиулинна Ж.Ж.